

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Интернатура

Акушерия және гинекология

мамандығы

Астана

2011

Алғы сөз

- 1** Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**, Астана қаласы
- 2** **АЛФАШ PET** енгізілді
- 3** **Үлгілік оқу бағдарламасы** интернатура үшін «Акушерия және гинекология» мамандығы бойынша 2006ж мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес әзірленген
- 4** **Үлгілік оқу бағдарламасы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 20 қазандағы №729 бұйрығымен бекітілген

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба.....	4
2. Пән сағаттарының бөлінуі.....	5
3. Интерндердің құзыреттілігі.....	7
4. Пәннің тақырыптық жоспарының үлгісі және мазмұны.....	25
5. Оқу және оқыту әдістері.....	37
6. Білімді бағалау.....	38
7. Клиникалық база.....	38
8. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....	38
9. Авторлар.....	41

Бұл үлгілік оқу бағдарламасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды

I Түсіндірме жазба

Өзектілігі:

Акушерия және гинекология – дәрігерлік мамандықтың негізгі тарауының бірі, оның мақсаты ұрықталумен, жүктілікпен, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңмен байланысты, сондай-ақ әйелдер өмірінің әртүрлі кезеңдеріндегі физиологиялық және патологиялық процестерін зерттеу.

«Акушерия және гинекология» мамандығы бойынша интернатурада дәрігерлерді даярлаудың үлгілік бағдарламасы 2006 жылғы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес әзірленді.

Интернатура – дипломнан кейінгі медициналық білім берудің негізгі түрі, оның мақсаты акушерия мен гинекологиядағы ішкі патологиялар мен шұғыл жағдайлар мәселелерін терең талқылай алатын білікті акушер-гинеколог дәрігерін екі жылдық даярлау.

Интернатурада оқу кезінде алған білімдер, іскерліктер мен машықтар дәрігерлерге барлық акушериялық-гинекологиялық бөлімдерінде дербес жұмыс істеуге, құрылымдық бөлімшелерді басқаруға мүмкіндік береді.

Акушер-гинеколог интерндерін оқыту курсына практикалық машықтарға оқытудан басқа дәрістерді, семинарларды, клиникалық және ғылыми-практикалық конференцияларды өткізу кіреді, сондай-ақ ұсынылатын әдебиеттерді өз бетімен оқу кіреді.

Интернатураның мақсаты: кәсіптік білім беру стандартының талаптарына сай келетін, акушерия, перинатология мен гинекология саласында диагностикалық, емдік, шұғыл, реабилитациялық және профилактикалық шараларды өздігінен жүргізу үшін қажет міндетті білім, іскерлік және практикалық машықтарға ие акушер-гинеколог дәрігер маманды даярлау.

Интернатураның негізгі міндеттері:

1. Жүктіліктің физиологиялық және патологиялық кезінде жүкті, босанып жатқан әйелдерді, жаңа босанған әйелдерді тексеру, босану және босанғаннан кейінгі кезеңдегі нәрестені антенаталдық қорғау, репродукциялық ағзалардың және репродукциялық жүйенің патологиясы бар науқастарды қорғау бойынша іскерліктері мен практикалық машықтарды жетілдіру.

2. Жүкті әйелдерді, босанып жатқан әйелдерді, жаңа босанған әйелдерді және гинекологиялық аурумен ауыратын науқастарды тексерудің зертханалық, аспаптық әдістері мен диагностикасын түсіндіру бойынша интерндердің білімі мен іскерлігін жетілдіру.

3. Жүктілікке, босануға, босанған кейінгі кезеңге және гинекологиялық ауруларға, экстрагениталилік ауруларға және хирургиялық патологияға

байланысты патологиялық жағдайларды саралау диагностикасы бойынша білімдері мен іскерліктерін тереңдетуге.

4. Жүктілік кезінде, босанған кезде, босанғаннан кейінгі кезеңде және гинекологиялық аурулар кезінде пайда болатын патологиялық жағдайларды емдеудің қазіргі заманғы әдістері туралы білімдерін толықтыру.

5. Жасөспірім-қыздармен, әйелдермен, жүкті әйелдермен және гинекологиялық науқастармен жұмыс жүргізуде коммуникативтік машықтарын жетілдіру.

6. Отбасын жоспарлау, балалар мен жасөспірімдерді жыныстық тәрбиелеу, саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша халықпен санитариялық-ағарту жұмыс жүргізу іскерлігі мен машығын жетілдіру.

7. Нақты науқасты емдеуде жеке тәсілді қамтамасыз ету үшін білім мен іскерлікті интеграциялау бойынша машықтарды дамыту; дәлелдемелі медицина принциптері негізінде кәсіптік шешімдер қабылдауды үйрету.

8. Кәсіби қызмет барысында үздіксіз кәсіптік оқуға және өздерінің білімдері мен машықтарын жетілдіру қажеттілігін дарыту.

9. Альтуризм, рақымдылық, аяныштылық, жауапкершілік, адалдық және құпиялылық принциптерін сақтау сияқты кәсіби құндылықтарды ұстануды дамыту.

10. Топта жұмыс істеу машықтарын, диагностикалық және емдеу процесін ұйымдастыру мен басқару машықтарын дамыту; интерндерді ағымдағы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізуді үйрету.

II Пән сағаттарының бөлінуі

Сағатты жалпы бөлу

№	Пәннің аталуы	сағаттың барлығы		
		жалпы саны	оқытушының жетекшілігімен	ИӨЖ (интерннің өзіндік жұмысы)
1	Акушерия және гинекология	1260	840	420
2	Балалар гинекологиясы	180	120	60
3	Анестезиология және реаниматология	360	240	120
4	Клиникалық анатомия және оперативтік хирургия	360	240	120
5	Клиникалық фармакология	180	120	60
6	Маммологиямен онкогинекология	180	120	60
7	Визуальдық диагностика	180	120	60
7	Венерология	180	120	60
9	Таңдау компоненті	360	240	120
Жалпы:		3240	2160	1080

«Акушерия және гинекология» пәні бойынша модульге енген бейіндеуші шектес пәндерді ескеріп сағаттарды бөлу

Оқытудың 1-жылы					
№	модульдің аталуы	Бейіндеуші және шектес пәндер	Сағаттың жалпы саны	Аудитор сағат	ИӨЖ
1	Акушерия	Акушерия	675	450	225
		Клин. анатомия және опер. хирургия	225	150	75
		Анестезиология және реанимация	180	120	60
		Визуальдық диагностика	90	60	30
		Клиникалық фармакология	90	60	30
	Жалпы		1260	840	420
2	Таңдау компоненті		360	240	120
Барлығы			1620	1080	540
Оқытудың 2-жылы					
3	Гинекология	Гинекология	585	390	195
		Клин. анатомия және опер. хирургия	90	60	30
		Анестезиология және реанимация	90	60	30
		Визуальдық диагностика	45	30	15
		Клиникалық фармакология	45	30	15
		Маммологиямен онкология	180	120	60
	Жалпы		1035	690	345
4	Балалар гинекология-сы	Балалар гинекологиясы	180	120	60
		Клин. анатомия және опер. хирургия	45	30	15
		Анестезиология және реанимация	90	60	30
		Визуальдық диагностика	45	30	15
		Клиникалық фармакология	45	30	15
	Жалпы		405	270	135
5	Венерология	Венерология	180	120	60
Барлығы			1620	1080	540

Ескертпе: 1. Дәрістің көлемі пәнге бөлінген сағаттың жалпы санының 10%-ынан аспауы керек;

2. модульдердің (блоктардың) реттілігі оқыту жылдары бойынша ауыстырылуы мүмкін.

III ИНТЕРНДЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Менгеру деңгейлері:

I – білу (есту, оқу)

II – қалай білу керек (көру)

III – стандартталған жағдайда орындау

IV – тікелей бақылаумен орындау

V – сырттай бақылаумен орындау

Жалпы құзыреттілік

Құзыреттілік түрі	Құзыреттілік	Деңгейі
Коммуникативтік құзыреттілік	Пациентпен/туысқандармен алғаш байланыс орнату және емдеу процесінің тиімділігі үшін байланысты әрі қарай дамыту	IV
	Пациентті диагностика мен емдеу процесіне қатыстыру, пациент наразылығының пайда болуы.	IV
	Пациентпен кәсіби байланыста болу	IV
	Әріптестермен және медицина персоналымен кәсіби байланыста болу. Жұмыс қарым-қатынасы.	IV
	Кәсіби тәртіп – сенімділік, жауапкершілік. Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі кемелдендіру, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттілігі, сынға байланысты әрекет. Стресс жағдайында кәсіби тәртіп.	IV
	Медициналық этика принциптерінің және қоғамда дәрігердің рөлі мен жауапкершілігін ұғыну негізінде тиімді қарым-қатынас машықтарын демонстрациялау. Дәлелдемелі медицина принциптеріне және денсаулық сақтау жүйесінің басқа да мамандарымен тиімді өзара әрекет ету негізінде пациенттің проблемаларын шешу мен шешім қабылдау машықтарын демонстрациялау.	IV
Құқықтық аспектілер	Акушер гинеколог дәрігердің жұмысында этикалық және деонтологиялық принциптерді сақтауы	IV
	Пациенттің құқықтары мен міндеттері. Пациент құқықтарын қорғау тәсілдері. Дәрігердің құқықтары. Дәрігерлік қателік және немқұрайлылық.	IV
	Медициналық жәрдемнің кепілдендірілген көлемі, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру тәсілдері.	IV
	ҚР ДСМ-нің акушерия, гинекология, перинатология саласындағы клиникалық хаттамалары. Органдар трансплантациясы және донорлық.	IV

	Денсаулық сақтау, дәрігерлік құпия, донорлық және трансплантация саласында құқықтармен қамтамасыз ету кепілдігі. Онкогинекологияда деонтологиялық принциптер мен этиканы сақтау.	IV
	Дәрігерлік қателік және дәрігерлік немқұрайлылық.	IV
	Денсаулық, денсаулық сақтау, дәрі-дәрмектер туралы және т.с.с. ҚР Заңдары және құқықтық актілері.	IV
	Негізгі хаттамаларға және ҚР ДСМ бұйрықтарына сәйкес акушерияда және гинекологияда фармакотерапия жүргізу.	IV
«Акушерия» блогы		
Акушерия		
Құзыреттілік		Деңгейі
Репродуктивтік денсаулық. Отбасын жоспарлау		
«Репродуктивтік денсаулық. Репродуктивтік құқық. Жыныстық құқықтар»		II
Репродуктивтік құқықтардың және репродуктивтік денсаулықты сақтау саласында халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттар.		II
Репродуктивтік денсаулықты қорғауды ана мен перинаталдық өлім-жітімді төмендетудегі рөлі.		II
Контрацепциялық құралдардың жіктемесі. Контрацепцияның қазіргі әдістері.		II
Контрацепция әдістері тиімділігінің медициналық критерийі және ДДСҰ-ның оларды қолдану жөніндегі практикалық ұсынымдары: «Жас ерекшелігі әртүрлі топтағы контрацепция: аборт жасатқан әйелдерде, босанған әйелдерде, жоғары қауіп тобындағы әйелдерде».		II
Жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБА). Отбасын жоспарлау қызметінде инфекциялардың алдын алу.		II
Медикаментті аборт. Көрсетімдер. Шарты. Консультация беру.		II
Акушерия-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру		
ҚР-да акушерия-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесі		II
ҚР-да акушерия-гинекологиялық көмекті көрсету кезеңдері		II
Әйелдер консультациясы мен стационар қызметінің негізгі көрсеткіштері.		II
Жүкті әйелдерді диспансеризациялау.		II
Санитариялық-ағарту жұмыстарының ана мен перинаталдық өлім-жітіміндегі рөлі.		II
Аудит негіздері. Құпия аудит негіздері. ҚР-да перинаталдық көмекті аймақтандыру		II
Босану клиникасы		II

Жатырдың айналуы, себептері және шұғыл көмек көрсету	II
Қағанақ суымен тығындалу	II
Нәрестенің қатерлі жағдайы	II
Нәрестенің жіті гипоксиясы	II
Асфиксия және нәрестелердің туылу кезіндегі жарақаты	II
Жетіліп және шала туылған нәрестелер реанимациясы	II
Ерте неонаталдық кезеңдегі интенсивті терапия	II
Ұрықты бөлшектеу операциясы	I
Лактация мен нәрестелер вакцинациясы мәселелері	II
Жүктілік патологиясы	
Дәлелді медицина негізінде нәрестенің жағдайына экстрагениталды патологияның әсері	II
Босанғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы мен патологиясы	
Босанғаннан кейінгі кезеңнің патологиясына диагноз қою және емдеу тәсілін анықтау (хориоамнионит, босанғаннан кейінгі эндометрит, акушериялық перитонит, инфекциялық-ұяттылық шок, тромбозмболиялық асқынулар, босанғаннан кейінгі мастит)	II
Нәрестелік кезеңнің физиологиясы мен патологиясы	
Асфиксияда туылған және жарақаты бар нәрестелерге күтім жасау	II
Гемолиздік ауру. Қанды ауыстырып құю операциясы	II
Нәрестелердің іріңді-сепсистік аурулары	II
Нәрестелердің гемолиздік ауруы	II
Репродуктивтік денсаулық. Отбасын жоспарлау.	
Пациенттерге отбасын жоспарлау жөнінде алғаш және қайтадан консультация беру	IV
Акушерия-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру	
Есепке алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеу.	IV
Диагностарды МКБ 10 жіктмесіне сәйкес ресімдеуді	IV
Әйелдер консультациясы мен стационар қызметінің көрсеткіштерін есептеуді	IV
Жүкті әйелдерді диспансеризациялауды	IV
Ана мен перинаталдық өлім-жітімді төмендету мақсатында санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу.	IV
Босану клиникасы	
ҚР ДСМ негізгі клиникалық хаттамаларына сәйкес физиологиялық босандыруды жүргізу.	IV
Партограмманы ресімдеу, жатырдың жиырылу функциясын және нәрестенің антенаталдық жағдайын бағалауды	IV
Іштегі нәрестенің жамбас және бас өлшемінің сәйкестігін анықтауды	IV

Туылу кезде нәрестенің жағдайын бағалауды	IV
Апгар және Сильверман шкаласы бойынша нәрестенің жағдайын бағалауды	IV
Нәресте жамбасымен келген кездегі босануды жүргізуді	III
Кесарь тілігі операциясын жасау көрсетімдерін анықтауды	IV
ҚР ДСМ негізгі клиникалық хаттамаларына сәйкес плаценталық және босанғаннан кейінгі ерте кезеңдердегі қан кету әдістерімен күресуді қолдануды	III
Акушерлік қан кету кезінде шұғыл көмек көрсетуді	III
Ішке қан кету, гемодинамиканың бұзылу, гемостаздың бұзылуы кезінде диагностикалауды және көмек көрсетуді	III
Қансырау дәрежесін, толғатқан жүкті әйелдердің, жаңа босанған әйелдердің жағдайын бағалауды	IV
Қансырауды толықтыру принциптерін қолдануды. Гемотрансфузия. Жатырдан қан кетуді тоқтатудың қазіргі заманғы технологияларын	III
Геморрагиялық шок, ДВС –синдромы кезінде диагностикалауды және көмек көрсетуді	III
Ананың босану кезіндегі жарақаттанушылығын диагностикалауды	III
Қасағалық жіктің жыртылуы кезінде диагностикалауды және емдеу тәсілін анықтауды	III
Толғақ белсенділігінің аномалиясы кезінде диагностикалауды және емдеу тәсілін анықтауды	III
Мезгілінен ерте босанудың басталуын диагностикалауды және емдеу тәсілін анықтауды	IV
Іштегі нәресте қуығы қабығының жыртылуына диагноз қою	IV
Клиникалық тар жамбас кезін диагностикалау және көмек көрсету	III
Нәрестелер асфиксиясын диагностикалау	III
Жүктілік патологиясы	
Жүктіліктің ерте және кеш пайда болған патологиясының белгілерін анықтауды (жүктіліктің үзілуі қаупі, преэклампсия, дамымай қалған жүктілік және т.б.)	IV
Жүктілікті үзуге медициналық құжаттаманы ресімдеуді	IV
Гипертониялық кризді, жіті ДВС синдромын, кетоацидоттық және гипогликемиялық қоманы диагностикалауды	III
Жүктілікті ұзу қаупін, басталып келе жатқан мезгілінен ерте босануды анықтауды	IV
Жүкті әйелдерді тексеруді	IV
Экстрагениталийлік патология кезіндегі, жүкті әйелдердің құсуы және гипертензиялық жағдайлар кезіндегі мерзімінен бұрын босандырып алу көрсетімдерін негіздеуді	IV

Жүкті әйелдердің құсуын анықтау. Жүкті әйелдердің жеңіл түрде құсуы кезінде терапия жүргізуді	IV
Жүктілікпен, босанумен және босанғаннан кейінгі кезеңмен байланысты гипертензиялық жағдайларды анықтауды	IV
Экстрагениталийлік ауруларды және жүктілікті анықтауды	IV
Жүректің туа біткен және жүре пайда болған кемістіктерін, ревматизмді және жүктілікті анықтауды	IV
Қантты диабетті, гестациялық қантты диабетті анықтауды	IV
Жүктілік кезінде бүйректің созылмалы және жіті ауруларын, гестациялық пиелонефритті анықтауды	IV
Жүктілікті және жалғыз бүйректі анықтау	IV
Жүктілікпен байланысты бауыр ауруларын, гепатиттерді және жүктілікті анықтауды	IV
Өтас ауруын және жүктілікті анықтауды	IV
Өкпе ауруын және жүктілікті анықтауды	IV
Туберкулезді және жүктілікті анықтауды	IV
Жүкті әйелдерде жұқпалы ауруларды анықтауды: тұмау, қызамық, токсоплазмоз, бруцеллез, цитомегаловирустық инфекция, гениталдық герпес	IV
Жүктілік кезінде хирургиялық ауруларды анықтау. Аппендицит, холецистит, панкреатит, түйнек. Хирургиялық шара қолдану көрсетімдерін анықтауды	IV
Жүктілікте, босанған, босанғаннан кейінгі кезеңдерде ЖИТС/АИТВ-ні анықтауды	IV
Жүктілікті аяғына дейін көтере алмауды, ИЦЖ-ні анықтауды	IV
Жүктіліктің табиғи мерзімінен асып кетуіне және ұзартылуына диагноз қоюды	IV
Көпұрықты жүктілікті анықтауды	IV
Ұрықтың құрсақта дамуының тежелуіне диагноз қоюды	IV
Жүрек-қантамырлық жеткіліксіздік кезінде диагностикалау және терапия жүргізуді	III
Тыныс алудың жеткіліксіздігі кезінде диагностикалау және терапия жүргізуді	III
Бүйрек функциясының жеткіліксіздігін диагностикалауды	III
Бауыр функциясының жеткіліксіздігін диагностикалауды	III
Босанғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы және патологиясы	
Босанғаннан кейінгі физиологиялық кезеңді жүргізуді	IV
Кесарь тілігінен кейін бұтараның жарақаты бар жаңа босанған әйелдерді емдеуді	IV
Плаценталық және босанғаннан кейінгі кезеңдерде қан кетумен күресу	IV

Әдістерін қолдануды	
Плаценталық кезеңді жүргізуде күту және әрекетті тәсілді қолдануды	IV
Ана мен нәрестенің ірінді-сепсистік асқынуларының алдын алуды	IV
Босанған әйелдердің емшектеріне күтім жасауды	IV
Емшекұшы сызатын, лактостазын диагностикалау және көмек көрсетуді	IV
Туылу кезеңінің физиологиясы мен патологиясы	
Дені сау нәрестелерді жүргізу	IV
Репродуктивтік денсаулық. Отбасын жоспарлау.	
ЖІС-ті енгізуді және алып тастауды	III
Жатырішілік құралдарды пайдалануды	III
Босану клиникасы	
Акушерлік ішкі және сыртқы зерттеулер әдістемесін қолдануды	IV
Планцеталық кезеңді жүргізудің әрекетті тәсілін қолдануды	IV
Плацентаны ажырату әдістерін қолдануды	III
Іншекті, жатыр мойнағын және бұтараның жыртылуында жұмсақ тіңдерін тігуді. Бұтара жыртылуының II дәрежесін диагностикалауды және жарақатқа тігіс салуды	III
Абдоминалдык босандыру кезінде ассистент болуды	IV
Акушерлік қышқаштарды салуды. Кіші жамбастың шығаберіс жазықтығында ұрықтың экстракция вакуумын жүргізуді	III
Акушерлік әдіспен іштегі нәрестені аяғына бұру	III
Нәресте жамбасымен келген кезде фантомда Цовьянов әдісін қолдануды	III
Классикалық акушерлік әдісті фантомда қолдануды	III
Нәрестелер асфиксиясы кезінде көмек көрсетуді	III
Жүктілік патологиясы	
Гипертониялық криз, жіті ДВС синдромы, кетоацедоттық және гипогликемиялық кома кезінде көмек көрсетуді	III
Акушериялық сыртқы және іншектік тексеруді жүргізу	IV
Босанғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы және патологиясы	
Нәрестені кеудеге қою	IV
Клиникалық анатомия және оперативтік хирургия	
Клиникалық анатомияны зерттеу әдістері	II
Теріасты веналардың, терең қантамырдың хирургиялық, ориентирлік және проекциялық анатомиясы, трансфузия мақсатында оларды жалаңаштау	II
Мойынның хирургиялық анатомиясы. Трахетомия, трахеостомия.	II
Бұғанаасты артериясын катетерлеу	II
Кеуде қуысы ағзаларының хирургиялық анатомиясы	II
Пневмоторакс, ашық және қақпақшалы пневмоторакс кезінде шұғыл	II

көмек көрсету	
Алдыңғы-бүйірлік қабырғаның хирургиялық анатомиясы. Жарықтың хирургиялық анатомиясы. Жарықтарды операция әдісімен емдеу	II
Ішперде қуысының хирургиялық анатомиясы. Ішперде қуысын тексеру. Ішектердің тігістері. Аппендэктомия	II
Ішперде артындағы кеңістіктің хирургиялық анатомиясы	II
Жамбастың сүйек-байлам-бұлшықет аппаратының клиникалық анатомиясы. Жамбас қабаттары	II
Кіші жамбас ағзаларының клиникалық анатомиясы	II
Жыныстық ағзалардың және репродуктивтік жүйенің анатомиялық-физиологиялық, жасқа байланысты, жыныстық ерекшеліктері	II
Операциялық әрекеттің негізгі принциптері	II
Хирургиялық операция, түрлері (түбегейлі, паллативтік, диагностикалық)	II
Ультрадыбыс пен лазерді, желімдегіш заттектерді қолдануды	II
Тамырларды және жамбас нервдерін ашуды	II
Кіші жамбас қуысы ағзаларына препарация жасау	II
Әйел жамбасының ағзаларына препарация жасау	II
Кадаверин материалында және жануарлар зәрағарына тігіс салуды	II
Кадаверин материалы және жануарлар жатырларына ампутация жасау	II
Хирургиялық аспаптарды және тігістік материалды таңдау	III
Жергілікті анестезия тәсілдерін қолдану	III
Қан кетуді өткізгіш, уақытша, мүлдем тоқтату тәсілдерін қолдану	III
Тіндерді ажырату және қосу тәсілдер	III
Кадаверин материалы мен жануарларға механикалық тігістерді және тігістердің әртүрлі түрлерін салуды	III
Жануарларда трахеотомия және трахеостомия жасауды	III
Кадаверин материалында және жануарларда теріні тілу, түйіндерді байлау техникасын қолдану	III
Кадаверин материалында және жануарларға лапаротомия техникасын қолдану	III
Кадаверин материалында және жануарларға жатырға тігіс салуды	III
Анестезиология және реанимация	
Әйелдің жүктілік кезіндегі организмі физиологиясының ерекшеліктері және сонымен байланысты босануда ауырсынуды басу және анестезия ерекшеліктері	II
Ауыр преэклампсия және эклампсия кезіндегі интенсивті терапияның ерекшеліктері	II
Анестезияға арналған препараттардың толғатқан әйелге, ұрыққа және нәрестеге әсері	II

Физиологиялық босануды анестезиялау	II
Ауыр босану кезіндегі анестезияның ерекшеліктері	II
Кесарь тілігін анестезиологиялық қамтамасыз ету	II
Нәрестелер реанимациясын	II
Кіші акушериялық операциялар кезіндегі анестезияны	II
Анестезиологиялық және опрециялық қауіп жағдайын, дәрежесін бағалауды	II
Операциядан кейінгі бақылауды жүргізуді	II
Қарқынды терапияның принциптерін ескеріп негізгі ем жүргізуді	II
Реанимация бөлімшесінде науқасты емдеудің ұзақтығы мен өлімнің туу қаупін	II
Кешенді тексеру жүргізуді және алынған нәтижені түсіндіруді	IV
Босандыру қызметі кезіндегі әйелдің жағдайын бағалауды және босануды анестезиялауға арналған көрсетімдерді дер кезінде анықтауды	IV
ДВС синдромын емдеу және алдын алуды	III
Әйелдердің сенімін тудыруды. Хаттама бойынша операциядан бұрын дайындық жүргізуді, физикалық тексеру әдістерін	IV
Медициналық құжаттаманы ресімдеуді, әйелдерді емнің барлық кезеңінде курациялауды	II
Визуальдық диагностика	
Жүкті әйелдердегі, толғатқан және босанған әйелдердегі экстрагениталийлік патологияны диагностикалаудағы визуальдық әдістердің рөлі	II
Жүкті әйелдердің экстрагениталийлік патологиясына диагноз қоюда визуальдық әдістерді қолдануды	II
Акушерияда зерттеудің визуальдық әдістерін (УДЗ, МРТ) негіздеуді	II
Жүктіліктің әртүрлі мерзімінде іштегі нәрестенің даму аномалиясын визуальдық диагностикалауды негіздеуді	II
УДЗ кезінде әйелдердің жыныстық ағзаларының даму ақаулары мен кемістіктерін анықтауды	II
УДЗ кезінде жатыр мен оның қосалқыларының қабынбалы ауруларын анықтауды	II
Қалыпты және патологиялық жүктілік ағымына визуальдық диагностика жасауды	II
Жүктіліктің әртүрлі мерзімінде УДЗ	II
Клиникалық фармакология	
Клиникалық фармакология мен фармакотерапияның жалпы сұрақтары	II
Жүкті әйелдерге берілетін дәрі-дәрмектердің фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының ерекшеліктері	II

Акушериялық практикада қолданылатын дәрілік заттардың жеке топтарының клиника-фармакологиялық сипаттамасы	II
Акушериялық практикадағы дәрілік формуляр. Дәрі-дәрмектердің іштегі нәрестеге әсері	II
Жүктілік кезіндегі қауіп санаттарының халықаралық жіктемесі (FDA, США; ADEC, Австралия).	II
Жүктілікті аяғына дейін көтере алмаушылықта, токсикозда және гестоздарда, босану қызметінің аномалиясында, плаценталық жеткіліксіздікте, экстрагениталийлік патологияда (артериалық гипертензия, пневмония, бронх демікпесі, қантты диабет, несеп жолдарының инфекциясы, ТТА, қалқаншабез ауруы, асқазан мен ұлтабардың эрозия-ойықжара аурулары) дәрі-дәрмектерді таңдау және қолданудың клиника-фармакологиялық тәсілдері	II
Халықаралық және ұлттық клиникалық нұсқау, хаттамалар	II
Ұсынымдардың дәлелділік деңгейлері. Фармакотерапияның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау	II
Клиника-фармакологиялық сараптама. Қателер мен негізсіз тағайындаулар	II
2 блок «Гинекология»	
Гинекологиялық аурулар	
Гинекологиялық науқастарды диспансеризациялау.	I-II
Амбулаториялық гинекологиялық науқастарды емдеу әдістері мен тәсілдері	I-II
Санитариялық-ағарту жұмыстарының гинекологиялық аурушандықты азайтудағы рөлі	I
Гениталийлік туберкулез.	II
Әйелдердің жыныстық ағзаларының сепсистік этиологиялы қабынбалы аурулары	II
Вульвиттер, вагиниттер, вагиноздар.	II
Ішкі жыныстық ағзалардың қабынбалы аурулары (эндометрит, миометрит, параметрит, сальпингоофорит, пельвиоперитонит).	II
Бедеулі неке. Бедеу жұпты тексеру алгоритмі және себептері. Түтіктік және эндокриндік бедеулікке диагноз қою және емдеу әдістері. Бедеулікті емдеуде қолданылатын қазіргі репродуктивтік технология.	II
Түтіктік бедеулікті диагностикалау және емдеу әдістері.	II
Эндокриндік бедеуліктің түрін диагностикалау және емдеу	II
Ауруханадан тыс аборт.	II
Жатырдан тыс жүктілік.	II

Жатырдан тыс жүктіліктің түрлері	
Іштеспе кезіндегі дифференциалды диагностика.	II
Жатырдан тыс жүктілікті емдеудің хирургиялық әдістері (тубэктомия, реконструкциялау- пластикалық операциялар).	II
Гинекологиялық эндокринология	
Геникологиядағы функциялық диагностика әдістері.	II
Еттектірлік циклдің нервтік-гуморальдық реттелісі	II
Аменорея. Аменорея және еттектірдің шамадан тыс келу синдромы	II
Жатырдың дисфункциялық қанауы	II
Ювенильді қан кету	II
Репродуктивтік кезеңдегі қан кету. Климактериялық кезеңде қан кету	II
Нейроэндокриндік гинекологиялық синдромы (поликистозды анабез синдромы, аденогенитальды синдром, предетектір келер алдындағы синдром, посткастрациялық синдром, климактериялық синдром.	II
Гинекологиялық аурулар	
Гинекологиялық науқастарды диспансеризациялауды	IV
Амбулаториялық науқастарды емдеу әдістері мен принциптерін	IV
Гинекологиялық аурушандықты азайту үшін санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізуді	IV
Генитали туберкулезіне диагноз қоюды	IV
Әйелдердің жыныстық ағзаларының сепсистік этиологиялы қабынбалы ауруларына диагноз қоюды	IV
Вульвиттергі, вагиниттерге, вагинозға диагноз қоюды	IV
Жатырдан тыс жүктіліктің барлық түріне диагноз қоюды	IV
Іштеспе кезіндегі ажыратпалы диагностиканы	IV
Тексерудің қосымша әдістерінің (УДЗ, ГСГ, компьютерлік томография, ядролық-магниттік резонансты томография) нәтижесін, зертханалық әдістердің (сүртінді микроскопиясы, гистологиялық тексерудің нәтижесі, т.б.) көрсеткіштерін түсіндіруді	IV
Жыныстық жолмен берілетін ауруларға (ЖЖБА) диагноз қоюды. Әйелдерді профилактикалық тексеру кезінде венерологиялық ауруларға диагноз қоюды	IV
Консультация өткізуді, медикаментті аборт жасауға арналған көрсетімді анықтауды	IV
Жас ерекшелігі әртүрлі топтарда әйел организмнің функциялық жағдайын, әйелдің физикалық дамуын бағалауды	IV

МКБ 10 жіктемесіне сәйкес диагнозды ресімдеуді	IV
Жіті аппендицитті, жіті пиелонефритті және іштүйнекті гинекологиялық ауруларға ажыратпалы диагноз қоюды	IV
Гинекологиялық арнайы зерттеу нәтижесін (инфекцияланған аборттың ауырлық дәрежесі, қабынбалы процесстің таралу дәрежесі) түсіндіруді	IV
Қалқаншабез, бүйрекүстібезі функциясының бұзылуымен, гипофиз аденомасымен, поликистозды анабез синдромымен, адреногениталилік синдроммен байланысты эндокриндік патологияға ажыратпалы диагностика жүргізуді.	IV
Функциялық диагностика тестілерінің нәтижелерін түсіндіру	IV
Эндо метрийдің биоптат қырындысының гистологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіруді	IV
Бассүйектің және түрік ершігінің рентгенологиялық зерттеу нәтижелерін, гормондық зерттеу нәтижелерін түсіндіруді	IV
Жатырдың, қосалқылардың, анабездің қабынбалы процестерін диагностикалауды	IV
Жатырдың және іншектің бейспецификалы қабынбалы процестерін диагностикалауды	IV
Жатырдың және іншектің спецификалы қабынбаларын диагностикалауды	IV
Гинекологиялық эндокринология	
Гинекологияда функциялық диагностика әдістерін жүргізуді	IV
Функциялық диагностика тестілерін (базалдық температураны өлшеу, кольпоцитология, қарашық симптомы, папоротник симптомы, жатыр мойнағы сілемейінің созылуы, гормондық зерттеу) орындауды	IV
Жатырдан дисфункциялық қан кетуді диагностикалауды	IV
Ювенилдік қан кетуді диагностикалауды	IV
Репродуктивтік кезеңдегі және климактериялық кезеңдегі қан кетуді диагностикалауды	IV
Нейроэндокриндік гинекологиялық синдромдарды (поликистозды анабез синдромы, адреногениталилік синдром, етеккір келу алды синдромы, посткастрациялық синдром, климактериялық синдром) диагностикалауды.	IV
Гинекологиялық аурулар	
Тубэктомия операциясына көмектесу	III
Туботомия операциясына көмектесу	III
Аднексэктомия операциясына көмектесу	III
Кульдоцентеза операциясына көмектесу	III

Жатыр қуысын және цервикальдық каналды жеке диагностикалық қырнау	III
Миомэктомия операциясына көмектесу	III
Ваккум-аспирациялық биопсияны орындау	III
Гемотрансфузия жасау	III
Гинекологиялық эндокринология	
Эндо метрий биопсиясын. Жатырдың сілемейлі қабығының гистологиялық зерттеу нәтижесін бағалау	III
Госпитальға дейінгі кезеңдегі жіті улану кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету	III
Шұғыл көмек көрсетудің ең маңызды кезеңіне үйрету – кеңірдекті интубациялауға, Амбу қабымен өкпені вентиляциялауға	III
Ересектердегі және балалардағы термиялық жағдайларда жүрек-өкпенің алғашқы реанимациясын көрсету	III
Анафилаксиялық шок кезінде, плевра қуысында сұйықтықтың немесе ауаның жиналуымен байланысты болатын тыныстық жіті жеткіліксіздік (ТЖЖ) кезінде шұғыл көмек көрсету	III
Жатыр қуысын және цервикальдық каналды диагностикалық қырнау	III
Емшекті пальпациялау	III
Клиникалық анатомия және оперативтік хирургия	
Жамбас қуысы қабаттарының хирургиялық анатомиясы	II
Бұтаралықтың хирургиялық анатомиясы	II
Кіші жамбас ағзаларының хирургиялық анатомиясы	II
Клиникалық симптомдарды және синдромдарды топография-анатомиялық негіздеу	II
Несеп-жыныстық және нәжістік жыланкөздерді тігу кезіндегі оперативтік араласу	II
Гинекологиялық практикадағы эндобейнехирургия	II
Кадаверин материалында кіші жамбас ағзаларын операция тәсілімен ашу	II
Кадаверин материалына және жануарларға косметикалық тері тігістер салуды	III
Кадаверин материалына және жануарларға тамырлық тігістер салуды	III
Жануарлардың жатыр қосалқыларына операция жасауды	III
Жануарлар іншегінің артқы күмбезінің пункциясын жасауды	III
Жануарларға тубэктомия операциясын жасауды	III
Школьников-Селиванов-Цодыкс әдістері бойынша кадаверин материалына блокада жасауды	III

Кіші жамбас флегмонасын ашу операциясы (жамбастың жасушалық кеңістігін дренаждау) оларды кадаверин материалында хирургиялық емдеу	II
Жануарларға жатыры және іншегі түскенде операция жасауды	II
Кадаверин материалында және жануарлар зәрағарын мен қуығын тігуді	II
Кадаверин материалында және жануарлардың ішкі мықын артериясын байлауды	II
Анестезиология және реанимация	
Гинекологиялық операцияларды анестезиялық камтамасыз етуді	II
Ішперде қуысы ағзалары патологиясының ажыратпалы диагностикасын	II
Операцияның және анестезияның қауіп дәрежесін анықтау	II
Гинекологиядағы анестезия әдістерінің жіктелімі	II
Анестезия әдісін таңдау	II
Гинекологиядағы қауіпті жағдайлардағы қарқынды терапиясы	II
Гинекологиялық практикадағы емдік наркоз	II
Науқастың бастапқы жағдайын бағалау	IV
Гинекологияда науқасты анестезияға даярлау	IV
Науқасты қабылдау. Хаттама бойынша кешенді зертханалық және аспаптық тексеру жүргізуді. Тексерудің физикалық әдісін жүргізуді	IV
Кешенді зертханалық және аспаптық тексеру нәтижелерін түсіндіруді	IV
Клиникалық диагнозды қоюды	IV
Гинекологиялық патологиясы бар науқасқа операция алдындағы дайындық жүргізуді	IV
Науқастарға операциядан кейін бақылау жүргізуді	IV
Медициналық құжаттаманы ресімдеу және науқастарға емдеудің барлық кезеңдерінде курация жасауды	IV
Визуалдық диагностика	
Гинекологиядағы рентген диагностиканың әдістерін	II
Қосанжарласқан экстрагениталилік патологияның визуалдық диагностикасын	II
Жатыр мен қосалқыларының қабынбалы ауруларының визуалдық диагностикасын	II
Әйелдердің жыныстық ағзаларының қатерлі және қатерсіз ісіктерінің визуалдық диагностикасын	II
Гинекологияда зерттеудің визуальдық (УДЗ, МРТ, КТ, Рентген) әдістерін жүргізуді	II

Зерттеудің визуалдық әдістерінің нәтижелерін түсіндіруді	II
Клиникалық практикада зерттеудің визуалдық әдістерінің тағайындауларын негіздеуді	II
Жатырға, қосалқыларға УДЗ жасауды	II
Клиникалық фармакология	
Гинекологиялық практикада қолданылатын дәрілік заттардың жеке топтарының клиника-фармакологиялық сипаттамасы	II
Гинекологиялық практикадағы дәрілік формуляр	II
Кіші жамбас ағзаларының қабынбалы ауруларында, жатырдан дисфункциялық қан кетуде, гинекологиялық нейроэндокриндік синдромдарда дәрі-дәрмектерді таңдау және қолданудың клиника-фармакологиялық тәсілдері	II
Халықаралық және ұлттық клиникалық нұсқау, хаттамалар	II
Ұсынымдардың дәлелділік деңгейлері.	II
Фармакотерапияның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау	II
Клиника-фармакологиялық сараптама	II
Қателер мен негізсіз тағайындаулар	II
Гинекологияда барынша қауіпсіз және тиімді препараттарды адекватты таңдау	IV
Жас ерекшелігі әртүрлі кезеңдерде гинекологиядағы шұғыл жағдайларда медикаментті көмек көрсетуді	IV
Етеккір циклі бұзылғанда фармакотерапия өткізу	IV
Жас ерекшелігі әртүрлі кезеңдерде ауруды, қосанжарласқан патологияны ескеріп препараттарды тағайындау	IV
Кіші жамбас ағзаларының қабынбалы процесінде препараттарды тағайындау	IV
Жас ерекшелігі әртүрлі кезеңдерде контрацепция үшін гормондық препараттарды тағайындау	IV
Бедеулікті емдеу үшін препараттарды тағайындау	IV
Онкология маммологиямен	
ҚР-да онкологиялық қызметті ұйымдастыру	II
Онкологиялық науқастардың клиникалық топтары	II
Онкологиядағы диспансеризация принциптері	II

КІ сатылар (I-IV сатысы) және TNM жүйесі бойынша клиникалық жіктемесі	II
КІ асқынған формасына шалдыққан науқастарға паллиативтік және симптомдық көмек көрсету	II
Маммологиямен онкологиядағы дәлелдемелі медицина	II
Экологиялық және өндірістік факторлардың әйел организмнің спецификалық функциясына әсері	II
Жатырында және жатыр мойнағында КІ бар науқастарды диспансеризациялау	II
Гинекологиялық науқастарды операцияға дайындауды	II
Науқастарға гинекологиялық операциядан кейін күтім жасауды. Пациенттердің еңбекке жарамдылығын анықтауды	II
Есепке алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеуді, биологиялық субстратты зерттеуге жіберуді	IV
Жатыр мен жатыр мойнағының обыралды ауруларына (кейіпті және факультативтік обыралды) диагноз қоюды және терапия жүргізуді	IV
КІ (қатерлі ісік) негізгі орналасқан жеріне диагноз қою: жатырдың және жатыр мойнағының обыры, аналық бездер обыры, сыртқы жыныстық ағзалардың обыры, трофобластық ауру	II
Емпшек обырына диагноз қоюды	II
Жатыр миомасына диагноз қоюды және терапия жүргізуді (консервативтік)	II
Аналық бездердің қатерсіз ісіктеріне диагноз қоюды	II
Гениталии эндометриозына диагноз қоюды және терапия жүргізуді (консервативтік)	II
Әйелдердің жыныстық ағзаларының қатерсіз және қатерлі ісіктеріне ажыратпалы диагноз жүргізуді	II
Өртүрлі зерттеу нәтижелерін түсіндіруді	IV
Әйелдердің жыныстық сферасының қатерлі және қатерсіз ісіктерінің клиникалық симптоматикасын ажыратуды	IV
Жатыр денесі мен мойнағының фондық аурулары кезінде диагноз қоюды және терапия жүргізуді	IV
Жатыр қуысын диагностикалық бөлек қыру	III
Вакуум – аспирациялық биопсиясы	III
Жатыр мойнағы түймешігін алып тастау	II
Көздеп алу биопсиясы	II
Онкоцитологияға сүртінді алу	III
Жатыр қосалқыларына операция (аднексэктомия, овариоэктомия, цистэктомия) жасағанда ассистент болу	IV

Жатырға операция (жатыр ампутациясы, экстирпациясы) жасағанда ассистент болу	IV
3-блок «Балалар гинекологиясы»	
Балалар гинекологиясы	
Қыздар мен жасөспірімдерге акушерия-гинекологиялық көмекті ұйымдастырудың принциптері	II
Қыз балалардың жасөспірімдік аспектіде жыныстық ағзалары дамуының анатомия-физиологиялық ерекшеліктері	II
Жыныстық жетілу және етеккір циклі кезеңінің физиологиясы	II
Жыныстық жетілу мен етеккір циклінің бұзылуы	II
Жастық шақта жүктілік пен босану ағымының ерекшеліктері	II
Қыздар гигиенасы, жыныстық тәрбие беру	II
Балалар гинекологиясындағы дәлелдемелі медицина	II
Балалар гинекологиясында «іштеспеге» диагноз қоюды және емдеу тәсілін анықтауды	II
Қыздардың жыныстық ағзаларының ісіктеріне диагноз қоюды және емдеу тәсілін анықтауды	II
Қыздардың жыныстық жолдарының жарақатына диагноз қоюды және емдеу тәсілін анықтауды	II
Жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу. Балалар гинекологиясында аборт жасау көрсетімдері мен шарты	II
Қыздардың, бойжеткендердің физикалық дамуын бағалаудың әдістерін қолдануды. Қыздар мен жасөспірімдерді тексеру әдістерін	II
Жасөспірімдік контрацепция жөнінде шаралар өткізуді	IV
Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алуды	IV
Қыздарда жиі кездесетін гинекологиялық ауруларға диагноз қою, алдын алу және емдеу тәсілін анықтауды	II
Қыздарды профилактикалық тексеруде кіші жамбас ағзалары дамуының аномалиясына диагноз қоюды	II
Қыздардың гинекологиялық кабынбалы ауруларына диагноз қоюды	II
Қыздардың венерологиялық ауруларына диагноз қоюды	II
Жас жүктілердің жүктілік мерзіміне диагноз қоюды	II
Қыздардың жамбас өлшемін өлшеуді	III
Қыздардың іншегін мануалдық тексеру	III
Қыздардың іншегінен және жатыр мойнағының мойын каналынан сүртінді алу	III
Клиникалық анатомия және оперативтік хирургия	
Қыздардың жас аспектісінде тірек-қимыл аппараты дамуының	II

анатомия-физиологиялық ерекшеліктері	
Қыздардың жас аспектісінде ішперде қуысы, ішперде артындағы кеңістігінің хирургиялық анатомиясының ерекшеліктері	II
Қыздардың жас аспектісінде жыныстық ағзаларының дамуының анатомия-физиологиялық ерекшеліктері	II
Балалар мен жасөспірімдер жамбасының сүйек-байлам-бұлшықет негізінің клиникалық анатомиясының ерекшеліктері. Жамбастың сүйек-байлам аппаратының даму аномалиясы	II
Кіші жамбастың ішкі ағзаларының туа біткен және жүре пайда болған даму ақауларының клиникалық анатомиясы	II
Кіші жамбас ағзалары дамуының кемістігінде операция жасау	II
Жамбас дамуының аномалиясы және кемістігі	II
Кіші жамбас ағзалары дамуының аномалиясы және кемістігі	II
Жатыр, іншек аномалиясының түрлері	II
Сыртқы жыныстық ағзалардың туа біткен және жүре пайда болған кемістігіне операция жасау	II
Балалар гинекологиясындағы эндобейнехирургия	II
Балаларда трахеотомия, трахеостомия жүргізуді	
Балалардың кіші жамбасының қантамыр-нерв будасын жалаңаштау	II
Жануарларға трахеостомия операциясын жасауды	III
Анестезиология және реанимация	
Балалар организмінің гинекологиядағы анатомия-физиологиялық ерекшеліктері	II
Бала организмінің патология сипатына байланысты патофизиологиясы	II
Балаларды гинекологияда операцияға даярлау, операциядан кейінгі кезеңде анестезиологиялық қамтамасыз ету және қарқынды терапия принциптері	II
Балалар мен жасөспірімдерге қолданатын қазіргі плазма алмастырғыштар	II
Хаттама бойынша кешенді тексеру жүргізуді	II
Науқасты қабылдауды, зертханалық-аспаптық зерттеу нәтижесін түсіндіруді, ажыратпалы диагностика жүргізуді, клиникалық диагноз қоюды	II
Балалар мен жасөспірімдердің іріңді-сепсистік ауруларында қарқынды терапия жүргізуді	II
Қарқынды терапия принциптерін және жасқа байланысты өзгерістерді ескеріп негізгі патологияны емдеу	II
Медициналық құжаттаманы ресімдеу, науқастарды қурациялау	IV

Визуальдық диагностика	
Балалар гинекологиясындағы сәуелік диагностика әдістері	II
Балалар гинекологиясындағы патологияны диагностикалаудың визуалдық әдістерінің рөлі	II
Әйелдердің жыныстық ағзаларының даму аномалиясы мен кемістіктері	II
Әйелдердің жыныстық ағзаларының даму аномалиясы мен кемістіктеріне визуальдық диагноз қою	II
Балалар гинекологиясында қолданылатын УДЗ, МРТ, КТ-зерттеу жүргізу	II
Балалар гинекологиясында визуалдық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	II
Балалар мен жасөспірімдердің сүйек-байлам-аппаратының даму аномалиясы мен кемістіктеріне диагноз қоюды	II
Жас жүктілердің жүктілік мерзімін анықтау үшін УДЗ жүргізу	II
Клиникалық фармакология	
Балалар гинекологиясындағы клиникалық фармакология мен фармакотерапияның жалпы мәселелері	II
Балалар гинекологиясындағы клиникалық фармакологияның этикалық және әлеуметтік аспектілерінің ерекшеліктері	II
Тағайындауды негіздеудің, мөлшерлеу режимін таңдаудың, балалар гинекологиясында препараттардың қауіпсіздігі мен тиімділігін бағалаудың клиника-фармакологиялық тәсілдері.	II
Клиникалық фармакологиядағы дәлелдемелі медицинаның негізгі принциптері. Балалар гинекологиясындағы «дәлелдемелі медицина» ұғымы. Максаты мен міндеттері. Дәлелділік критериилері	II
Балалар гинекологиясындағы клиникалық фармакология мен фармакотерапияның дәлелдемелі медицинасы	II
Балалар гинекологиясында дертінің ауырлығын, қосанжарласқан патологияны ескеріп дәрілік препараттарға адекватты таңдау жүргізуді	II
Кәмелетке жетпегендерде қан кеткенде дәрілік препараттарды адекватты таңдауды	II
Медициналық құжаттаманы ресімдеу, науқастарды курациялау	IV
4 -блок ВЕНЕРОЛОГИЯ	
Дерматовенерологиялық көмекті ұйымдастыру принциптері	II
Венерологиялық ауруға шалдыққан науқастарды тексеру әдістемесі	II
Қауіп топтары. Санитариялық-ағарту жұмыстарының ЖЖБИмен	II

сырқаттанушылықты төмендетудегі рөлі	
Ілкі, салдарлық, үшінші, туа біткен мерезге диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Гонореяға диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Урогениталии трихомониазына диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Урогениталии хламидиозына диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Урогениталии герпесіне диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Урогениталии кандидозына диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Урогениталии микоплазмозына диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
Урогениталии микоплазмозына диагноз қою, емдеу және апрофилактика	II
Бактериялық вагинозға диагноз қою, емдеу және алдын алу	II
ЖИТСке диагноз қою, алдын алу	II
Мерездің және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың зертханалық диагностикасы	II
Балалардың венерологириялық ауруларының клиникалық фармакологиясының этикалық және әлеуметтік аспектілері	II
Венерологиядағы дәлелдемелі медицина	II
Негізгі есепке алу-есеп беру құжаттамаларын ресімдеуді	IV
МКБ 10 жіктемесіне сәйкес диагноздарды ресімдеуді	IV
Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу бойынша шаралар өткізуді	IV
Өртүрлі зерттеу нәтижелерін түсіндіруді	IV
Жатыр мойнағының мойын каналынан, іншектен зертханалық тексеру үшін сүртінді алу	III
Іншектік тампонаданы	III
Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар кезінде өршітуді	IV

IV Модулдердің құрамындағы бейіндеуші пәндердің тақырыптық жоспарының үлгісі және мазмұны

1 блок АКУШЕРИЯ		
Акушерия		
		Мазмұны

1	Акушерия-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру	Стационардың АЕҰ және/немесе МСАЖ жұмысының ұйымдастырушылық принциптері. Есепке алу-есеп беру құжаттамасының негізгі формалары. Емхана, стационардың акушерия-гинекологиялық бөлімшелері қызметінің негізгі көрсеткіштері. Жүкті әйелдерді диспансеризациялау. Антенатальдық күтім. Гинекологиялық науқастарды диспансеризациялау. Профилактикалық тексерулер. Амбулаториялық науқастарды емдеу әдістері мен принциптері. ҚР перинатальдық көмекті аймақтандыру. Құпия аудит негіздері. Емізу. Емізудің 10 негізгі принциптері. Әйелдер консультациясында баланы емізуге даярлау.
2	Босану клиникасы	Физиологиялық босану. Физиологиялық босануды жүргізу. Нәресте шүйдесімен келген кезде босандыру биомеханизмі. Партограмма. Нәресте басымен келген кезде босандыру. Жазылып орналасуы: басымен, мандайымен, бетімен келуі. Диагностика. Бүктеліп орналасудың әртүрлі түрлерінде босануды жүргізу және биомеханизмі. Босану кезіндегі асқынулар және жазылудың дәрежесіне байланысты олардың болжамы. Акушериялық тәсіл. Босандыру әдістері. Нәресте жамбасымен келуі. Жіктемесі, диагностика, жүктілік ағымы және жүргізу. Нәресте жамбасымен келгенде босандыру биомеханизмі. Нәресте жамбасымен келгенде босандыру және клиникалық ағымы (Цовьянов бойынша әдіс, классикалық қолмен босандыру әдісі, іштегі нәрестені жамбасынан тартып шығару). Іштегі ұрық пен жаңа туылған нәресте үшін болуы мүмкін асқынулар. Кесарь тілігі операциясына көрсетімдер. Іштегі нәрестенің орналасуын дұрыстайтын операция. Клиникалық тар жамбас. Клиникалық тар

		жамбасты диагностикалау әдістері. Операция арқылы босандырып алуға арналған көрсетімдерді анықтау. Обструкциялы босану. Жүктілік және іштегі нәресте ірі болғанда босандыру. Жүктілікті жүргізу, принциптері, диагностика, ағымы. Босандыру. Ана мен баласы үшін нәтижелер. Босандыру. Ананың босану кезіндегі жарақаты. Іншектің, жатыр мойнағының, бұтаралықтың жыртылуы. Клиникалық көрінісі, диагностика, емдеу. Жыртылған жерлерді тігу, гематоманы жою әдістері. Клиника, диагностика және жатыр жыртылғанда шұғыл көмек көрсету. Жатырдағы тыртық, жүктілікті, босануды және босанғаннан кейінгі кезеңді жүргізу ерекшеліктері. Жатырында тыртығы бар әйелдерді табиғи босану жолы арқылы босандыру. Жатырдың айналуы, себептері және шұғыл көмек көрсету. Қасағалық жіктің жыртылуы, диагностика, дәрігердің тәсілі. Босану травматизмінің алдын алу. Іштегі нәрестенің дұрыс орналаспауы. Іштегі нәресте дұрыс орналаспағанда жүктілік ағымы және босандыру. Асқынулар. Операция арқылы босандыруға арналған көрсетімдер. Іштегі нәрестенің орналасуын түзейтін операция. Босандырудағы қанағаттанарлықсыз прогресс. Диагностика. Дәрігердің тәсілі. Қағанақ суының босанғанға дейін кетуі. Дәрігердің жүктілік мерзіміне байланысты қолданатын тәсілі. Акушериялық қан кету. Қалыпты орналасқан плацентаның мерзімінен ерте ажырауында, плацентаның алда жатуында, плацентаның бекітілу аномалиясында (мықтап беку, плацентаның өсуі), босанғаннан кейінгі қан кетуде шұғыл көмек көрсету. Жоғалған қанның орнын толтыру принциптері. Гемотрансфузия. Жатырдан қан кетуді
--	--	--

		токтатудың қазіргі технологиясы. Геморрагиялық шокқа диагноз қою және қолданылатын тәсіл. ДВС-синдром: диагностика, емдеу. Қағанақ суы эмболиясы: клиника, диагностика, шұғыл көмек. Іштегі нәрестеге қауіп төндіретін жағдай. Себептері. Диагностика. Шұғыл көмек көрсету. Нәрестелер асфиксиясы және туылу кезіндегі жарақат. Диагностика. Шұғыл көмек көрсету. Ай-күні толып туылған және шала туылған нәрестелер реанимациясы. Неонатальдық ерте кезеңдегі қарқынды терапия. Босандыру операциясы. Кесарь тілігі. Акушерлік қышқаш. Іштегі нәресте экстракциясы вакуумы. Босандыру операциясы. Көрсетімдер, қарсы көрсетімдер, ауырсынуды басу, өткізу шарты, өткізу техникасы, асқынулар. Акушерлік ішкі және сыртқы тексеру. Физиологиялық босану. Физиологиялық босандыру. Перинатальдық тиімді технологияларға сәйкес босандыру. Бүгіліп орналасу кезінде босандыру. Анасы мен баласы үшін асқынулар, босандыру биомеханизмі. Нәресте жамбасымен келгенде босандыру. Анасы мен баласы үшін асқынулар, босандыру биомеханизмі. Нәресте жамбасымен келгенде босандыру және клиникалық ағымы (Цовьянов бойынша әдіс, классикалық қолмен босандыру әдісі). Клиникалық тар жамбас. Себептері. Анатомиялық және функциялық тар жамбасқа диагноз қою және босандыру. Ананың босану кезіндегі жарақаты. Клиникалық көрінісі. Диагностика, емдеу және алдын алу. Іштегі нәресте дұрыс орналаспағанда жүктілік ағымы және босандыру. Асқынулар. Операция
--	--	--

		аркылы босандыруға арналған көрсетімдер. Босандыру қызметінің аномалиясы. Диагностика және терапия. Емдеу тәсілі. Жүктілік және іштегі нәресте ірі болғанда босандыру. Жүктілікке диагноз қою принциптері, ағымы және жүргізу. Ана мен нәресте үшін нәтижесі. Жүктілік кезіндегі акушерлік қан кету. Диагностика, клиника, емдеу және шұғыл көмек көрсету. Геморрагиялық шок. Жоғалтқан қанның мөлшерін бағалау. Кезең-кезеңімен шұғыл көмек көрсету. ДВС-синдром. Қағанақ суы эмболиясы. Этиология, патогенез, клиника, диагностика. Шұғыл көмек, емдеу және алдын алу. Іштегі нәрестенің құрсақішілік жіті гипоксиясында диагноз қою және дәрігердің қолданатын тәсілі. Нәрестелер асфиксиясында және туылу кезіндегі жарақатында диагноз қою және қолданатын тәсіл. Босандыру операциясы (кесарь тілігі, акушерлік қышқыш, іштегі нәресте экстракциясы вакуумы, босандыру операциясы). Көрсетімдер, жүргізу шарты, жүргізу техникасы, қарсы көрсетімдер, асқынулар.
3	Жүктілік патологиясы	Жүктілердің құсуы. Диагностика, терапия принциптері. Гипертензиялы жағдайдағы жүктілерге диагноз қою және жүргізу. Эклампсия. НЕІР-синдром. Диагностика мен емдеудің қазіргі әдістері. Экстрагениталилік аурулар (ЖҚЖ, бүйрек, бауыр аурулары, туберкулез, эндокриндік аурулар, инфекциялық жіті аурулар) кезінде жүктілік пен босануды жүргізу. Диагностика ерекшеліктері. Терапия принциптері. Босандыру мерзімі мен әдісін таңдау. <u>Жүректің туа біткен және жүре пайда болған ақаулары, ревматизм және жүктілік. Ауру</u>

